

"Қазақстан Республикасындағы Конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы"

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің жолдауы 2005 ж.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламентіне елдегі конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдау жіберіліп отыр.

2005 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл толады. Бұл Конституцияның мемлекеттілік және құқық, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау саласындағы биік стандарттарға табыспен жылжудың игі бастамасы болғандығына көз жеткізу үшін әбден жеткілікті уақыт.

Конституциялық құрылыстың он жылдық тәжірибесінің кейбір қорытындыларын шығару қажеттілігін осылай түсіндіруге болады.

1. Конституциялық дамудың негізгі қорытындылары

Конституция еліміздің құқықтық жүйесінде басымды орын алады. Онда қоғамның, экономиканың, саясаттың, әлеуметтік саланың, мемлекеттің және құқықтың сипатын айқындайтын негізгі идеялар баянды етіледі және мемлекеттік реттеудің шектері мен сипаты белгіленеді. Конституция мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі бастауларын, халықаралық және ұлттық құқықтың арақатынасын айқындайды.

Жаңа формациядағы құқықтық қағидалардың қайнар көзі ретінде Республика Конституциясы, президенттік басқару нысанын мемлекеттік механизмнің негізі етіп алды, сол арқылы қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық саласы үшін сапалы заңдық құрылғылар жасалуы мен қызмет істеуін заң шығару деңгейінде қамтамасыз етті. Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияның мызғымастығының кепілі, барлық мемлекеттік институттардың бірлігі мен келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, мемлекеттік-құқықтық жүйені біріктіретін түпқазық болып табылады.

10 жыл ішінде мемлекеттік басқару, экономикалық қызмет, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, білім және ғылым салаларында 12 кодекс пен 300-ден аса заң қабылданды. Ең маңызды деген салаларда жүргізілген заң нормаларын кодификациялау, сондай-ақ салалық заңдарды қабылдау арқылы Қазақстанның өміршең құқықтық жүйесі құрылды.

Негізгі Заңның ең басты қасиеттерінің бірі, оның халықаралық стандарттарға сәйкес келетін деңгейде адам және адамның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең

қымбат қазына деп орнықтыруында. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды адамдарының ел заңнамасында жан-жақты бекітілген міндеті.

Мемлекет басшысының "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына Жолдауы үстіміздегі жылы ел өміріндегі аса маңызды оқиға болды. Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жаңа бастамалары мемлекеттің азаматтардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз етуге ұмтылысынан, Қазақстанның демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру жолында дәйектілікпен ілгері жылжуынан айғақ береді.

Республика Президентінің "Қазақстан Республикасы Конституциясының әлеуметін одан әрі пайдалану жөніндегі іс-шаралар туралы" Жарлықты шығаруы да сондай-ақ уақтылы болды. Сол арқылы Конституцияда мемлекеттің одан әрі саяси дамуы үшін жеткілікті ресурстар бар екендігі, олардың заңнаманы жетілдіру арқылы туындап отырған проблемаларды шешуге мүмкіншілік беретіндігі айқын атап өтілді.

2. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің конституциялық бақылауды іске асыру жөніндегі қызметі

Құрылған күннен бергі өз қызметі ішінде Конституциялық Кеңес 142 өтініш қарады, соның ішінде 107 жағдайда ашық отырыстарда қорытынды шешімдер қабылданды. 34 өтініш бойынша конституциялық іс жүргізуге қабылдаудан бас тартылды 10 өтініш бойынша іс тоқтатылды.

Өтініш субъектілері бойынша статистика мынадай:

№ РА	Өтініш субъектісі	Келіп түскен барлық өтініштер	Соның ішінде 2004 жылы
1.	Президент	16	2
2.	Парламент Сенатының төрағасы	7	-
3.	Парламент Мәжілісінің төрағасы	13	-
4.	Парламент Палаталарының төрағалары (бірлесе отырып)	2	
5.	Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бірі	33	3
6.	Премьер-министр	17	1
7.	Соттар	54	2

Конституциялық Кеңестің қарағандары:

Конституция нормаларын ресми түсіндіру туралы 67 өтініш;

Парламент қабылдап, Мемлекет басшысының қол қоюына ұсынған заңдардың Конституцияға сәйкестігі туралы 20. 9 заң конституциялық емес деп танылды;

Конституцияның 78-бабына сәйкес соттардың ұсыныстары 54. Заңдар мен халықаралық актілердің 10 нормасы Конституцияға сәйкес емес деп танылды.

Кеңес қабылдаған шешімдерде адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары мәселелері елеулі орын алады (қаралған барлық өтініштер санының 41,1%).

Бұл ретте Конституциялық Кеңестің 18 нормативтік қаулысы заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігі туралы конституциялық принципті қамтамасыз ету, кемсітуге жол бермеу (Негізгі Заңның 14-бабы) мәселелеріне қатысты болды.

Негізгі құқықтар мен бостандықтардың жүзеге асырылуына кемсітетін және әділетсіз жағдай жасау себептері, соның ішінде заң мен сот алдында азаматтардың теңдігі туралы принциптің бұзылу себебі бойынша Конституциялық Кеңес мыналарды Конституцияға сәйкес емес деп танды:

Қазақ КСР-і әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 261-бабының үшінші бөлігі;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру туралы Шарттың 6-бабы 6.12-тармағының екінші бөлігі және "Байқоңыр" кешені аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етудегі құқық қорғау органдарының өзара іс-әрекет жасауы туралы келісімнің 5 және 11-баптары;

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни сенім бостандығы және діни бірлестіктердің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң;

"Нотариат туралы" Заңның 15-бабының 3-тармағы. Азаматтардың сот арқылы қорғалу құқығын жүзеге асыруына (Негізгі Заңның 13-бабының 2-тармағы) Кеңестің 10 қорытынды шешімі арналған.

Конституциялық Кеңестің шешімдері сондай-ақ азаматтардың мынадай құқықтарды жүзеге асыруы мен оларға берілетін кепілдіктің конституциялық шарттары мәселелеріне қатысты болды:

жеке меншікке;

әлеуметтік, соның ішінде зейнетақымен қамтамасыз етілуге;

жеке бас бостандығына;

бірлесу бостандығына;

білікті заң көмегін алуға;

сайлауға қатысуға (белсенді және бәсең сайлау құқығы);

мемлекеттік қызметке тең қол жеткізуге.

Сөз бостандығы және еркін ақпарат алу мен тарату құқығы мәселелері де сондай-ақ Кеңестің қарау нысаны болды.

2004 жылы Республика Президентінің өтініші бойынша Конституциялық Кеңес "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңның жекелеген нормалары, Негізгі Заңның 20-бабының 1-тармағымен бекітілген сөз бостандығына деген конституциялық құқықты қамтамасыз ету кепілдіктері туындайтын Конституцияның жалпы ережелері мен принциптеріне сәйкес келмегендіктен, оны конституциялық емес деп таныды.

Республика Конституциясының бірінші бөлімінде берілген жалпы ережелердің маңыздылығы сол, олар Қазақстанның мемлекеттілігі мен конституциялық құрылысының негізгі тіректері мен принциптерін бекітеді. Аталған бөлімнің нормалары Конституциялық Кеңестің 19 қорытынды шешімінде қаралды.

Мәселен, Негізгі Заңның 2-бабының 2-тармағын түсіндірген кезде Кеңес 2003 жылғы 23 сәуірдегі № 4 қаулыда мемлекеттің өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етуі қажет екенін атап көрсетті.

Конституциялық Кеңестің қызмет практикасында қаралған өтініштердің ең көп бөлігі (67,2%) Қазақстан Республикасы Конституциясының жария билікті ұйымдастыру мәселелерін қарастыратын ережелеріне тікелей немесе жанамалай қатысты. Солардың ішінде:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебесімен өкілеттігі.

Конституциялық Кеңестің 1998 жылғы 9 қазандағы № 9/2 шешімінде Президент лауазымына үміткерге қойылатын мемлекеттік тілді еркін меңгеру туралы талап бөлігіндегі Негізгі Заңның 41-бабы 2-тармағының нормасы түсіндірілді. Конституциялық Кеңестің бірқатар қаулылары негізінен Мемлекет басшысының заң шығарушылық өкілеттігіне арналған.

2. Республика Парламентінің құзыреті, қызметін ұйымдастыру және оның депутаттарының мәртебесі мәселелері. Заң шығару процесі. Биліктің заң шығарушылық және атқарушылық тармақтарының өзара қарым-қатынасы.

Заң шығарушы органның құзыретін анықтау тұрғысынан алғанда, Кеңестің Конституцияда бекітілген Парламент өкілеттігінің тізбесі толық болып табылады және оны Негізгі Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда ғана кеңейту немесе тарылту мүмкін деген түсіндірмесі маңызды болып табылады (Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 15 қазандағы № 17/2 қаулысы).

Конституциялық Кеңестің 12 қаулысында Республика Парламенті депутаттарының мәртебесі мәселелерін регламенттейтін конституциялық ережелер анықталды.

Парламент пен Үкіметтің конституциялық тежемелік әрі тепетендік жүйесі (Үкіметке сенім білдіру туралы мәселені шешу және басқалары) шеңберіндегі өзара қарым-қатынасының түрлі жақтары да Конституциялық Кеңестің құқықтық позицияларында көрініс тапты.

Кеңес сондай-ақ заң шығару процесінің түгелдей дерлік сатыларының конституциялық аспектілерін: заң шығарушылық бастамасын жүзеге асыру, заң жобасының Парламент Палаталарында өтуі, заңның жобасын жедел деп жариялау,

келісім рәсімін қолдану, түзетулер енгізудің тәртібі, олардың көлемі, заңдарды жариялау мәселелерін қарады.

3. Сайлау жүйесі

Конституциялық Кеңес сайлау процесіне қатысты 8 нормативтік қаулы қабылдады. Бұл қаулыларда Конституцияның принциптеріне, жалпы ережелері мен нормаларына талдау жасалып, заң шығарушы орган үшін де, құқық қолданушылар үшін де айқындаушы рөл ойнайды.

Негізгі Заңның Мәжіліс депутаттығына сайлауға арналған бір мандатты аумақтық сайлау округтерін құруға қатысты жекелеген қағидаларын түсінудегі анықсыздықты Конституциялық Кеңес 2004 жылғы 12 ақпандағы № 1 қаулыда жойды. Кеңестің бұл шешімі Парламент 2004 жылғы 14 сәуірде қабылдаған "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық заңға негіз етіп алынды.

Конституциялық Кеңес шешімдерінің сайлау туралы заңнаманың дамуына ықпалын талдай отырып, оның белсенді және бәсең сайлау құқығын жүзеге асыру кезіндегі азаматтық институтына қатысты құқықтық позициясын атап өту қажет. Кеңес партиялық тізімдер, депутаттыққа үміткерлерді тіркеу, Парламент депутаты-ның қайта сайлауға түсу мүмкіншілігі мәселелеріне қатысты қаулылар қабылдады.

Негізгі Заңның 10, 12-баптарының және өзге де ережелерінің нормаларына түсіндірме бере отырып, Конституциялық Кеңес, азаматтық институты Республика егемендігінің, тәуелсіздігі мен конституциялық құрылысының айқындаушы белгісі болып табылады, өйткені Конституцияға сай мемлекеттің азаматтарынан тұрағын Қазақстан халқы "мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы" болып табылады және " билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді", деп бекітті. Сондықтан Қазақстан азаматы ғана оған арнап Конституциямен, заңдармен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен бекітілген құқықтар мен міндеттердің толық көлеміне ие бола алады. Басқа мемлекеттердің азаматтары бола тұрып, сонымен бір мезгілде Республиканың ұлттық паспорттарына ие болған адамдарға келетін болсақ, онда бір азаматтық туралы конституциялық принципке орай мұндай адамдар қазақстан азаматы деп танылмайды және олар үшін өзге, шектеулі конституциялық-құқықтық мәртебе көзделген, атап айтқанда, олар: Президент, Парламент, мәслихат депутаттары, судья лауазымдарына жіберілмейді.

4. Үкіметтің, соттардың және өзге де мемлекеттік органдардың құзыреті, қызметі. Судьялардың мәртебесі.

Конституциялық Кеңестің шешімдерінде Үкімет қызметінің кейбір институциялық-құқықтық аспектілері көрініс тапты. Атап айтқанда, мемлекеттік меншікті басқару жөніндегі өкілеттігін белгілейтін Конституцияның 66-бабы 4) тармақшасын; сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру және сыртқы сауданы

дамыту жөнінде шаралар қолдану жөніндегі өкілеттігі туралы 66-баптың 5) тармақшасын; Премьер-Министрдің Парламенттің алдына Үкіметке сенім білдіру туралы мәселені қою жөніндегі құқығы туралы 61-баптың 7-тармағын; Үкімет орнынан түскен жағдайда, Үкімет мүшесі болып табылмайтын мемлекеттік саяси қызметшілердің орнынан түсуі мәселелері туралы 70-бапты; мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заң жобаларына үкіметтің қорытынды беруі туралы 61-баптың 1-тармағын қалай түсіну керектігі ашып көрсетілді.

Конституциялық Кеңестің 7 қаулысы сот органдарының өкілеттігіне ("сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады" Негізгі Заңның 76-бабының 2-тармағы), алқа заседательдерінің қатысуымен өтетін сот ісін жүргізу мәселелеріне (75-баптың 2-тармағы), судьяның мәртебесіне (Жоғарғы соттың судьясын сайлау тәртібіне; судья тәуелсіздігінің құқықтық негіздеріне; саяси партияларға, кәсіподақтарға мүше болуына тыйым салуға; өкілеттігін тоқтату негіздеріне) арналған. Прокуратура органдарының қызметі мәселелері Кеңесте 4 рет қарау нысаны болды.

Соттың немесе прокурордың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болатындығы көзделген Негізгі Заңның 16-бабының 2-тармағын жүзеге асыру механизмі туралы мәселені қарай отырып, Конституциялық Кеңес, Конституция мұны жалпы алғанда соттың да, прокурордың да құзыретіне жатқызады деп түсіндірді. Сот пен прокуратураның тұтқындауға (қамауда ұстауға) санкция беру жөніндегі тиісті процессуалдық, өкілеттігінің арақатынасы, сондай-ақ оларды қылмыстық процесте жүзеге асырудың тікелей нысандары салалық заңнаманың реттеу нысаны болып табылады.

Меншік қатынастары азаматтардың экономикалық құқықтарын жүзеге асыруы үшін негіз болып табылады. Бұл қатынастарды құқықтық реттеуде Конституцияның 6-бабының ережелері айқындаушы маңызға ие. Атап айтқанда, бұл баптың 1-тармағында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады делінген. Бұл конституциялық ереженің мағынасы Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 3 қарашадағы № 19/2 қаулысында ашып көрсетілген, онда былай делінеді: мемлекет меншіктің екі нысанының да субъектілеріне бұзылған құқықтарының қорғалуы мен қалпына келтірілуінің бірдей мүмкіншіліктеріне кепілдік береді. Бұл ретте мемлекеттік меншік иесі мен жеке меншік иесі нақты құқықтық қатынастарда жария салада (салық) болсын, жеке салада (келісім-шарт қарым-қатынастары) болсын бір ғана құқықтық режимге бағынады.

3. Негізгі Заңның кейбір талаптарын жүзеге асыру және конституциялық заңдылықты

қамтамасыз ету мәселелері

Негізгі Заңның әлеуеті мемлекет дамыған сайын және қажетті саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайларға, сондай-ақ заңдық кепілдіктерге қол жеткізілген сайын ашыла түседі. Алайда, Негізгі Заңның іс жүзінде барлық ережелерін қазірдің өзінде заң актілерінде іске асыруға толық мүмкіншілік барына қарамастан, олар толығымен жасалған жоқ.

Конституцияның 89-бабына сай Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару танылады, бірақ тиісті заң әлі күнге дейін қабылданбады. Бұл орайда, Негізгі заңның 92-бабының 4-тармағына сәйкес Республика заңнамасын Конституцияға сәйкестендіруді қамтамасыз ету мақсатында оған тексеру жүргізу 1997 жылғы қыркүйекке дейін соңына жетуге тиіс болатын, алайда ол аяқталудан әлі алыс, бұл Конституцияның талабы орындалмағанын айғақтайды.

Қазақстанның "Азаматтық және саяси құқықтар туралы" және "Экономикалық әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы" Халықаралық пактілерге қол қоюы және оларды бекіту жөніндегі жұмыстың басталуы оның жоғары демократиялық даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Сонымен бірге, осы халықаралық құжаттардың негізгі идеяларын бойына сіңірген Конституцияның "Адам және азамат" деп аталатын II бөлімнің ережелерін орындауға байланысты проблемалар баршылық.

Қылмыстық сот ісін жүргізу адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеумен ең көп байланысы бар сала болып табылады. Алайда, процеске қатысушылардың конституциялық кепілдіктері заңнамалық актілерде толық ашып көрсетілмеген.

Алқа заседательдерін қатыстыра отырып қылмыстық сот ісін жүргізу мүмкіншілігін көздейтін Конституцияның 75-бабы 2-тармағының ережесін жүзеге асыратын заң күні бүгінге дейін қабылданған жоқ.

Конституцияның 13-бабының 2-тармағы әркімнің сот арқылы қорғалу құқығын бекітеді. Дегенімен қылмыстан жәбірленушінің мүлдіктік құқықтарын қорғау әр кезде де тиісті түрде іске асырылып отырған жоқ, өйткені заң оның негізінен айыптының есебінен жүзеге асырылуын көздейді. Сол арқылы, залалдың орнын толтыру мүмкіншілігі сотталған адамның мүлдіктік жағдайына тәуелді болып қалады. Мәселен, 2004 жылы келтірілген материалдық залалдың жартысынан сәл көбінің ғана орны толтырылған (53,1%)-Соған орай қылмыстан жәбірленген азаматтардың мүлдіктік залалының орнын толтыруға мемлекеттің қаржылық жағынан қатысуы мәселесін зерделеу мақсатқа сай болар еді.

Конституцияның 13-бабының 3-тармағы әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығын бекітетініне қарамастан, бұл ереже заңда ең болмағанда қылмыстық процесс кезінде құқықтық қорғауға көбірек мұқтаж болатын адамдарға (кәмелетке толмағандар және т.б.) да қатысты іске асырылмаған. Әділет министрлігінің деректері бойынша Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды облыстарының бірқатар аудандарында тұрақты

негізде заң көмегін көрсету осы уақытқа дейін ұйымдастырылмаған. Адвокаттарды мемлекет есебінен қаржыландырудың бюджеттік бағдарламасында көзделген қаражатты толық игермеу жағдайлары кездеседі, соның салдарынан 2004 жылы 2 млн. аса теңге пайдаланылмай қалған. Бұл проблеманың шешімін табу, қылмыстық істер бойынша тек айыпталушылар мен күдіктілер үшін ғана емес, жәбірленушілер мен куәгерлер үшін де заң көмегін көрсетудің моделін оңтайландыруда деп білеміз.

Конституцияның 39-бабының 1-тармағы бойынша адамның құқықтары мен бостандықтары тек заңдармен шектелуі мүмкін. Алайда, іс жүзінде көптеген заңдарда осы көрсетілген шектеулер аталып қана өтеді, ал оларды қолдану механизмі болса заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер мен регламенттеледі.

Мәселен, қылмыстық процесте стационарлы түрдегі сот-медициналық және сот-психиатриялық сараптама жүргізу шын мәнінде процессуалдық мәжбүрлеу шарасын қолданумен барабар екендігіне қарамастан, бұл аталған сараптамаларды адамдарға, соның ішінде қамауда отырған адамдарға қатысты жүргізуді ұйымдастыру заңмен реттелмеген.

"Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы" Заң, ауруларды емдеуге байланысты шектеулерді бірге алғанда олардың Республика азаматтары ретіндегі барлық құқықтарын тани отырып, үкіметтің өз актісінде ауруларды ұстау режимін, емдеу және еңбегін ұйымдастыру тәртібін анықтау жолымен осындай шектеулерді белгілеу жөніндегі өкілеттігін бекітеді.

Адамгершілік қадір-қасиетін түсіретін және қоғамдық имандылыққа нұқсан келтіретін мас күйіндегі адамның құқықтарын шектеу сондай-ақ, Конституцияда талап етілетіндей заңнамалық деңгейде емес, Ішкі істер министрінің 1996 жылғы 25 қаңтардағы № 37 бұйрығына сәйкес іске асырылады.

Тиісті түрде құқықтық реттелмеудің дәл осындай жағдайы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың және балалардың қараусыз қалуы мен қаңғыбастығының алдын алу саласында кездеседі, бұл жағдайларда оларды Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарында ұстаудың тәртібі мен шарттары уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Ережемен белгіленеді (Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы № 708 бұйрығы).

Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесі ерекше қарау нысаны болып табылады. Соған орай, Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы судьяларының IV съезінде ұсынғанындай, мамандандырылған соттардан тұратын ювеналды әділет жүйесін құруға кірісудің уақыты жеткен сияқты. Сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті заңнамалық базаны, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың кешенін, олардың құқық бұзушылығының алдын алу мен шара қолданудың пәрменді механизмін құруға кірісу қажет. Ең маңыздысы, бұл міндетті шешу қылмыстық сот ісінің шеңберімен ғана шектеліп қалмауға тиіс.

Заңнамаға тұтастай сипаттама бере келе, құқықтарды шектеудің Конституцияның 39-бабы 1-тармағының ережелеріне шамалас келетін және қол жеткізілетін мақсаттарға барабар болатын, салмақ салудың ең аз құралдары заңдарда барлық жағдайда да көзделе бермейтіндігіне назар аудару қажет.

Негізгі Заң ережелерінің заңнама мен құқық қолдану практикасында тиімді түрде және өз уақытында орындалмауы оның маңызы мен беделін түсіріп, Конституцияның атына негізсіз сын айтылуына әкеп соқтырады. Мемлекеттік органдар мен олардың өкілдерінің Конституцияға атүсті қарауы азаматтардың құқықтық ой-санасына теріс ықпал етеді, ал бұл, жекелей алғанда конституциялық заңдылықтың да, жалпы алғанда заңдылықтың да жай-күйіне кері әсерін тигізеді.

Конституциялық Кеңестің шешімдерін орындау конституциялық заңдылықты қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады, бұл шешімдер өзінің заңдық күші жағынан Конституция нормалары мен ережелерінің заңдық күшіне теңестіріледі (Негізгі Заңның 74-бабы, Кеңестің 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 19 қаулысы). Алайда, практика көрсеткеніндей, бұл шешімдердің жүзеге асырылуы өткір проблема болып отыр, бұл проблема нормативтік құқықтық актіні орындамау немесе тиісті түрде орындамау секілді жалпы проблеманың бір бөлігі болып табылады.

Мәселен, Конституцияның 7-бабының 1-тармағы қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін береді. Негізгі Заңның 93-бабына сәйкес осы норманы жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті. Алайда, Конституцияның осы ережелерін мемлекеттік органдардың орындауы тиісті деңгейде емес. Оның нәтижесі, атап айтқанда, адамның құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты нормативтік құқықтық актілерде, соның ішінде кодификациялаудан өткендерінде де, заңның нормаларын бір мағынада түсінбеуге әкеп соқтыратын кемшіліктердің, сондай-ақ қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерде тікелей қайшылықтардың болуынан көрінеді. Бұл орайда, Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 29 қазандағы № 20/2 қаулысынан нормативтік құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің бірдей болу қажеттігі туындайды. Бұл талапты орындамау конституциялық заңдылықты көпе-көрнеу бұзу болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында 1994 жылғы 10 желтоқсанда жасалған, "Байқоңыр" кешенін жалға беру туралы Шарттың және "Байқоңыр" кешені аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етудегі құқық қорғау органдарының өзара іс-әрекет жасауы туралы Келісімнің Ресей Федерациясы құқық қорғау органдары мен соттарының юрисдикциясы Қазақстан аумағында

қазақстандық, азаматтарға катысты тарауына жол бермеу бөлігіндегі ережелері ұзақ уақыттан бері Кеңестің 2001 жылғы 7 мамырдағы № 6/2 қаулысына сәйкестендірілмей отыр.

Республика Жоғарғы Кеңесінің 1995 жылғы 28 ақпандағы № 317-ХІІІ қаулысымен бекітілген, "Ресей Федерациясының аумағында Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Ресей Федерациясы азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы" 1995 жылғы 20 қаңтардағы Шарт Конституцияға, сондай-ақ Конституциялық Кеңестің 2003 жылғы 1 желтоқсандағы № 12 қаулысына сәйкес емес. Қолданыстағы Конституция қабылданғанға дейін жасалған Шарт оның ережелеріне (4 және 33-баптарына), сондай-ақ Кеңестің қаулысына қайшы келеді, өйткені Тараптармен келісілген тәртіпке сәйкес басқа мемлекеттің азаматтарына барлық деңгейлердегі жергілікті атқарушы билік органдарындағы лауазымдарды, соның ішінде басшы лауазымдарды да иеленуге жол береді.

Сот төрелігінің пәрменділігі көбінесе сот шешімдерінің орындалуымен қамтамасыз етіледі. Бюджеттік ұйымдардан ақша қаражатын уақытында өндіріп алу өткір мәселе күйінде қалуда. Республикалық және жергілікті бюджеттерді құрастыру кезінде жеткіліксіз қаржы бөлу қарыздық міндеттемелерді орындамаудың немесе уақтылы орындамаудың бір себебі болып табылады. Бюджет қаржысын өндіріп алу туралы сот актілерін тиімді түрде орындауға "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдарының резервтерін пайдалану Ережесін бекіту туралы" Үкіметтің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы № 1405 қаулысы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 14 сәуірдегі № 151 бұйрығымен бекітілген, Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің атқарушылық құжаттарды орындау тәртібі туралы нұсқаулық кедергі болуда. Бұл көрсетілген нормативтік құқықтық актілер, мемлекеттік меншік пен жеке меншіктің бірдей қорғалатындығы туралы конституциялық принциптен келіп туындайтын, мемлекеттік мекемелердің жауапкершілігін оларды ұстау үшін бекітілген смета шегінде шектеуге жол берілмейтіндігі бөлігіндегі Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 3 қарашадағы 19/2 қаулысына сәйкес келмейді.

Конституциялық Кеңес шешімдерінің міндетті түрде және уақтылы орындалуын қамтамасыз ететін механизмді жасау қажеттігі осы келтірілген мысалдардан айқын көрінеді, бұл конституциялық заңдылықты нығайту және Конституцияны, тұтас алғанда құқықты құрметтеуге тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік маңызды міндет болып табылады.

Конституциялық Кеңес шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында мынадай:

- 1) Кеңестің құқықтық позицияларын норма шығармашылық қызметінде ескеру үшін оның барлық қорытынды шешімдеріне Парламентте және Үкіметте міндетті мониторинг орнату туралы;

2) Үкіметтің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың 2 ай ішінде:

Конституцияға сәйкес емес деп танылған заңдық күші жоғарырақ актіге негізделген ;

Конституциялық Кеңестің қаулыларында берілген, Конституцияны түсіндіруге қайшы келетін ережелері бар барлық нормативтік құқықтық актілерді Кеңестің қаулыларына сәйкес келтіру туралы мәселелерді реттеу үшін заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізген жөн болар еді.

Осы көрсетілген шаралар, Кеңестің пікірінше, сақтау міндеті қоғамдық қатынастардың барлық субъектілеріне және бірінші кезекте, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарына жүктелген конституциялық заңдылықты нығайту жөніндегі іс-шаралар кешенінің үйлесімді бөлігіне айналар еді.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК